




# IPO САМҰРЫҚ

[ipo.sk.kz](http://ipo.sk.kz)



# ХАЛЫҚПЕН АҚПАРАТТЫҚ-ТҮСІНДІРУ

КЕЗДЕСУЛЕРДІҢ КЕСТЕСІ (МАҚСАТЫ - 100 МЫҢ АДАМ)



**ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ ЖӘНЕ IPO МӘСЕЛЕЛЕРИНЕ  
ҚАТЫСТЫ МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ  
Қ.К. ТОҚАЕВТЫҢ СӨЗІНЕН**

# **ЦИТАЛАР**

“

Еліміздің қарапайым азаматтары Ұлттық компаниялардың акцияларын иеленуге және салымдарынан өз дивиденттерін алуға мүмкіндігі болуға тиіс. Дәл осында жолмен халықтың инвестициялық мәдениеті қалыптасады. IPO-ға қатысу Қазақстанның барлық тұрғыны үшін қолжетімді болуы қажет. Ол үшін қағазбастылық пен бюрократияны болдырмайтын жаңа цифрлық шешімдер керек.

---

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2022 жылғы 27 маусымда «Астана» халықаралық қаржы орталығын басқару жөніндегі кеңестің отырысында сөйлеген сезінен.

“

Мемлекет өзінің экономикаға араласуын біртіндеп азайта береді. «Самұрық-Қазына» қоры экономиканың басты салаларына бақылау жасауға ғана жеткілікті ықпалы бар мажоритарлы инвесторға айналады. Қордың басқа активтері мен акцияларын жекешелендіру керек.

«Самұрық-Қазына» қоры жеке инвесторлар дербес жүзеге асыра алмайтын аса маңызды жобаларға инвестор ретінде қатыса алады. Мұндай жобаларды Президент анықтайды.

---

Президенттің 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауынан.



# ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУДІҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІ

## Бірінші кезең 1991-1992

Жекешелендіру бастамашылық сипатта болды. Мемлекеттік органдар кәсіпорынның үжымы жекешелендіруге өтінім бергеннен кейін ғана жекешелендіру туралы шешім қабылдады. Кәсіпорынды мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру нысанын таңдау еңбек үжымының өзіне берілді. Бірінші кезең барысында барлығы 4771 обьект жекешелендірілді.

## Екінші кезең 1993-1995

Жекешелендірубұқаралық сипат алды, оған 11 миллион адам, яғни халықтың 67%-ы қатысты. Жалпы осы кезеңде 6037 мемлекеттік обьект, сондай-ақ 385 АҚ мен ЖШС акциялары мен қатысу үлестерінің мемлекеттік пакеттері жекешелендірілді, мемлекет кірісіне шамамен 9,5 млрд теңге бағытталды.

## Үшінші кезең 1996-1998

Бұл кезеңнің ерекшелігі жекешелендіру мен қайта құрылымдаудың секторлық бағдарламаларына көшу болды. Бұл кезеңде 1946 әлеуметтік саланың обьектісі сатылды, оның ішінде жекешелендіруге жататын 67,7% - денсаулық сақтау обьектілері, 57,7% - білім беру, 49,8% - мәдениет, 66,7% - жекешелендіруге жататын туризм және спорт обьектілері. Республика бойынша 162 мемлекеттік ауыл шаруашылығы кәсіпорыны жекешелендірілді. 2615 АҚ мен шаруашылық серіктестіктер жекешелендірілді. Әлеуметтік саланың 2905 обьектісі жекешелендірілді.

## Төртінші кезең 1999-2013

Бұл кезеңде мемлекеттік меншік республикалық және коммуналдық меншікке бөлінді. 1999 жылы коммуналдық меншікке 953 АҚ және шаруашылық серіктестіктердегі акциялардың мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері берілді.

## Бесінші кезең 2014 жылдан қазіргі уақытқа дейін

Осы кезеңде Үкімет Жекешелендірудің кешенді жоспарын бекітті, оның басты мақсаты кәсіпкерлік қызметке мемлекеттің қатысуын қысқарту болды. «Жекешелендірудің 2016-2020 жылдарға арналған кешенді жоспарын» және «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын» іске асрыру шенберінде, IPO/SPO жүргізу шенберінде «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ акцияларының 25%-ын сатуды қоса алғанда, жалпы сомасы 191 млрд теңгеге 94 актив сатылды.



**Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған ағымдағы жоспарына сәйкес Қор тобының 30 компаниясы әртүрлі тәсілдермен бәсекелес ортаға берілуге тиіс.**

**2021**

**«Қазатомөнеркесіп» ҰАҚ» АҚ активтері**

- «Kaz Silicon» МҚ ЖШС (актив өткізілді)
- «Каустик» АҚ (актив өткізілді)
- «Kazakhstan Solar Silicon» ЖШС (актив өткізілді)
- «Astana Solar» ЖШС (актив өткізілді)

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ активтері**

- «Шығысмашзауыты» АҚ (актив өткізілді)

**2022**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ активтері**

- «ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС
- «Aysır Turizm ve Insaat A.S» АҚ (75%)

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ активтері**

- «Қазақстан вагон жасау компаниясы» ЖШС
- «Тұллар» вагон жасау зауыты» ЖШС

**«Tau-Ken Samұryқ» ҰТК» АҚ активтері**

- «Tau-Ken Temir» ЖШС
- «Silicon mining» ЖШС

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ активтері**

- «ҚазМұнайГаз-Сервис NS» АҚ

**2023**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ активтері**

- «KMG Systems & Services» ЖШС
- «ТенізСервис» ЖШС

**«Tau-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ активтері**

- «Солтүстік Қатпар» ЖШС

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ активтері**

- «Ақтау Теніз Солтүстік Терминалы» ЖШС
- «DosjanTemir Zholy» АҚ

**«KEGOC» АҚ активтері**

- «БатысТранзит» АҚ
- «QAZAQ AIR» АҚ

**2024**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ активтері**

- KMG International NV

**2025**

**«Tau-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ активтері**

- «Алайғыр БК» ЖШС
- «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ

**«Samruk-Kazyna Ondeу» ЖШС активтері**

- «ХИМ-плюс» ЖШС

**IPO**

**2022**

**«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ**

**2023-2024**

**«Эйр Астана» АҚ**

**2023-2024**

**«KEGOC» АҚ**

**2023-2024**

**«Самұрық-Энерго» АҚ («Green Co»)**

**2023-2025**

**«QazaqGaz» ҰК» АҚ**

**2025**

**«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ**

# «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ МЫСАЛЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕКЕШЕЛЕҢДІРУ ТӘСІЛДЕРІН АЙҚЫНДАУ ТӘЖІРИЕСІ

Іске асыру тәсілін айқындау өлшемшарттары

Іске асырудың қолданылатын тәсілі



# IPO-НЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Акцияларға қаражат салу  
мынадай табыс әкелуі мүмкін

**Сіз екі тәсілмен ала аласыз:**

компанияның пайдасынан дивидендтер  
түрінде

сондай-ақ егер акциялардың құны  
өссе, сатып алу бағасы мен сату бағасы  
арасындағы айырмашылықтағы  
табыс түрінде.

Мұндай инвестициялардың мерзімі іс жүзінде шектеусіз. Сіз акцияларды сақтай аласыз немесе оларды биржада айналыста болған кезде сата аласыз, бұл әдетте компанияның өзі болғанға дейін немесе оны алдын ала келісілген шарттармен сатып алғанға дейін болады.

Алайда акциялар бойынша табыстырық пен инвестициялардың сақталуына кепілдік берілмейді. **Нарық қалай әрекет ететінін ешкім білмейді!**

# ҚАЗАТОМӘНЕРКӘСІПТІҢ IPO-СЫ

2018 жылғы 13 қарашада «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның 14,92%-ын акциялар пакеті алғаш жария орналастырылды (IPO).

Осы жария орналастырудың нәтижесінде шамамен 450 млн АҚШ доллары тартылды.


2019 және 2020 жылдары өтінімдерді жедел жинау (Accelerated Book Building) арқылы «Қазатомөнеркәсіпте» акциялар қайтадан орналастырылды (SPO):

2019 жылды 3,8% акциялар пакеті шығарылды. 128 млн АҚШ доллары тартылды.


2020 жылды 6,28% дейін акциялар шығарылды. 211,6 млн АҚШ доллары тартылды.

**Нәтижесінде акционерлік капиталды орналастыру 25%-ды құрады.**

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ-ның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері, теңге



«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ акциясының құнын өзгерту кестесі, АҚШ доллары




# «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК» АҚ

## Объектінің сипаттамасы

Үйимдастыру нысанды және операцияның басталу күні	«ҚазМұнайГаз» ҰК» акционерлік қоғамы Құрылған күні: 2002 жыл
Активтің және олардың үлестерінің меншік иесі/(пері)	«Самұрық-Қазына» АҚ (90,42%), КР Үлттых Банкі (9,58%)
Қызметтің сипаттамасы	Қазақстанның жетекші тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы  ҚМГ активтерді барлық өндірістік цикл бойынша — көмірсұтектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, қайта өндеуге және сервистік қызмет көрсетуге дейін басқарады.
Персоналдың саны	47 мың адам

## Қаржылық көрсеткіштер

Түсім (млн теңге),  
EBITDA / Net Income margin



Негізгі баланстық көрсеткіштер  
және тиімділік көрсеткіштері (млн теңге)

	31.12.2021	31.03.2022
Активтер	13 652 261	14 735 779
Міндеттемелер	5 493 580	5 922 956
Ақшалай қаржат	975 849	1 056 598
Жиынтық борыш	3 746 327	3 878 125

## Инвестициялық тартымдылық және мәміле өлшемдері

- Көмірсұтектерді барлау мен өндіруден бастап тасымалдауға, қайта өндеуге және сервистік қызмет көрсетуге дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша қызметті жүзеге асыратын Қазақстанның мұнай-газ секторының көшбасшысы.
- Компанияның дәлелденген қорларының еселігі (P1) 16 жылды құрайды, бұл әлемдегі ең ірі халықаралық мұнай компанияларының арасындағы орташа көрсеткіштен 11 жылға жуық жоғары.
- Компания мұнай және конденсат өндіру бойынша Қазақстандағы ең ірі үш жобаға қатысады: тиісінше 20%, 10% және 8,44% үлеспен Тәңіз, Қараышығанақ және Қашаған жобалары.

- Компания мұнайды Еуропа мен Қытайға магистральдық құбырлармен және теңіз флотымен тасымалдауды жүзеге асырады.
- Компания терең жаңғыртудан өткен Қазақстандағы және Румыниядағы үш ірі мұнай өндеу зауытын бақылайды.
- Компанияның тұрақты қаржылық бейіні тұрақты ақша ағындарын қамтамасыз етеді. Соңғы бес жылда Компания 251 млрд теңге сомасында дивидендтер төледі. Дивидендтерді төлеудің орташа жылдық коэффициенті таза пайданың 6,7%-ын құрайды.

## Қаржылық көрсеткіштер

# ЫҚТИМАЛ ТӘУЕКЕЛДЕР

Бағалы қағаздар нарығында инвестициялау, әдеттегі коммерциялық қызмет сияқты әлеуетті пайда алуға ғана емес, сонымен қатар тәуекелдерге де байланысты.

## Негізгі тәуекелдер:

- табысты дамуға және акцияның құнын арттыруға кепілдік жоқ
- компанияның банкроттық тәуекелі
- инфляциялық тәуекелдер
- саяси тәуекелдер

Портфельдің тәуекелі мен кірістілігін әртараптандыру, яғни әртүрлі активтерді сатып алу арқылы реттеуге болады. Осы мақсатта кез келген қаржы құралдарын таңдауға ерекше көңіл бөлген жөн. Активтерді бір портфельге біріктірудің өзі тәуекелдерді азайту үшін жасалады. Әрбір қаржы құралының құны қебінесе қарама-қарсы бағытта өзгереді: активтердің біреуі бойынша шығындар басқа пайдаға айналуы мүмкін. Инвестор әртараптандырудың алтын қағидасын естен шағармауы керек. Бағалы қағаздардың бірнешеу болғаны маңызды, олардың әрқайсысы портфельдің маңызды, бірақ басым емес бөлігін алады.

Егер активтердің бірі күрт арзандай бастаса, қалған бағалы қағаздар жалпы кірістілікті қолдап, шығындарды өтей алады. Әртараптандыру тәуекелдерді төмендетеді, соның нәтижесінде табыстылық бірқалыпты динамиканы сақтайды. Сонымен қатар, инвестор әрқашан өзіне қажетті кіріс әкелуді тоқтатқан активтен құтылып, одан да перспективалы активті сатып алуына болады. Тәуекел әрдайым бар, бірақ оны басқаруды үйреніп, соның ішінде бағалы қағаздардың теңгерімді портфелін құру арқылы — дағдарыс кезеңінде де өз капиталыңызды сақтап, көбейте аласыз.

## АҚПАРАТТЫ ТАРАТУ АРНАЛАРЫ:



Telegram арнасы  
**Samruk-Kazyna official**



[www.sk.kz](http://www.sk.kz)

[www.ipo.sk.kz](http://www.ipo.sk.kz)



[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)



@SamrukKazyna



@samrukkazyna\_official



Samruk Kazyna



# АКЦИЯҒА ҚАЛАЙ ИНВЕСТИЦИЯ ЖАСАУ КЕРЕК?

SkyBridge Invest

FREEDOM  
BROKER

HALYK  
FINANCE

bcc invest

AW

KASE

KAZPOST

# АКЦИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Акциялар - қор нарығында саудаланатын және өзінің иесіне компания бизнесіндегі үлеске құқық беретін құнды қағаздар

# АКЦИЯЛАРДЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ТАРТЫМДЫЛЫҒЫ



## Дивидендтер

- Дивидендтерді төлеу және тарату дивиденттік саясатпен анықталады
- Дивидендтер таза табыс/бос ақша ағыны негізінде есептеледі
- Дивиденттерді төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналышында қабылданады



## Бағаның көтерілуі

- Акцияларды сату және сатып алу арасындағы аймашылық:
- Кесіпорынның оң каржылық нәтижелері
- Нарықтағы оң үрдістер
- Макроэкономикалық көрсеткіштер



## Компанияның басқаруына қатысу

- Компанияның қызметі туралы шешім қабылдау кезінде акционерлердің жалпы жиналышында дауыс беру

# АКЦИЯЛАРҒА

## АКЦИЯЛАРҒА ИНВЕСТИЦИЯ ЖАСАУДЫҢ НЕГІЗГІ ТӘҮЕКЕЛДЕРІ



Дивиденттертің  
болмауы

- Жылдың қорытындысы бойынша шығын
- Дивидендерді төлемеу туралы акционерлердің жалпы жиналышының шешімі



Бағаның  
құлауы

- Қолайсыз макроэкономикалық жағдайлар
- Компанияның қаржылық көрсеткіштерінің теріс динамикасы және жағымсыз ақпараттық фон
- Қор нарығындағы жағдайдың нашарлауы

# **ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУ**

## **АЯСЫНДАҒЫ IPO-НЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРИ**

**01 |** ҚР резидентері мен азаматтары сондай-ақ институционалдық және халықаралық инвесторларлар акционер бола алады

**02 |** Инвестицияның сомасы бойынша шектеу жоқ

**03 |** Жеке тұлғалар акцияларды басымдықпен сатып алу құқығына ие болады

# ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАБЫСТЫ IPO ЖЕТИСТЕКТЕРІ



**1 132,71** теңге

Акцияға төленген  
дивиденттердің  
жалпы көлемі

01.08.2022



**732,28** теңге

Акцияға төленген  
дивиденттердің  
жалпы көлемі

01.08.2022




**2145,59** теңге

Акцияға төленген  
дивиденттердің  
жалпы көлемі

01.08.2022


**725** теңге  
Орналастыру бағасы

**121%** IPO басынан  
бері құнның  
максималды өсуі




**505** теңге  
Орналастыру бағасы

**281%** IPO басынан  
бері құнның  
максималды өсуі



**4323** теңге  
Орналастыру бағасы

**383%** IPO басынан  
бері құнның  
максималды өсуі



IPO-FA ҚАТЫСУ ҮШІН

# БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРДЫ САТЫП АЛУ ӘДІСІН ТАҢДАУ ҚАЖЕТ



**Брокерлік компания арқылы/  
Қазпошта бөлімі арқылы -**

Бағалы қағаздар нарығының кәсіби  
катысушысы. Брокерсіз акцияларды сатып  
алу және сату мүмкін емес, өйткені оның  
арнайы мемлекеттік лицензиясы бар.

## Назар аударыңыз!

Tabys қолданбасы биржалық саудаға қол жеткізуіді қамтамасыз етпейді.  
Акцияларды одан әрі сатып алу/сату үшін брокерлік шот ашу қажет.

Акцияға қалай инвестиция жасау керек?

Tabys

**Tabys  
қолданбасы арқылы**

AIX қор биржасы әзірлеген  
мобильді қосымша

1-ҚАДАМ

## БРОКЕРЛІК КОМПАНИЯНЫ ТАҢДАУ ҚАЖЕТ

Инвестордың атынан және оның тапсырмасы бойынша сауда операцияларын жүргізетін биржа мен инвестор арасындағы кәсіби делдал.

**Лицензияланған брокерді келесі беттерден таңдауға болады:**



## 2-ҚАДАМ

# БРОКЕРМЕН ШАРТ ЖАСАСУ ЖӘНЕ БРОКЕРЛІК ШОТТЫ АШУ ҚАЖЕТ



### Брокерлік шот ашу

Брокерлік шот - бұл бағалы қағаздар мен ақшаны сақтауға арналған шот. Бұл шотқа бағалы қағаздарды сатып алу үшін ақша қаражаты, **ал кейіннен дивидендтер мен бағалы қағаздарды сатудан түскен ақша қаражаты түсетін болады**



#### 1. Онлайн

Веб-сайтта тіркелу  
арқылы немесе брокердің  
мобиЛЬДІ қосымшасында

Бұл опция көптеген  
брокерлерде қолжетімді



#### 2. Оффлайн

Таңдалған брокерлердің  
бірінің кез келген  
кенесінде

3-ҚАДАМ

## АҚША ҚАРАЖАТЫН БРОКЕРЛІК ШОТҚА АУДАРУ ҚАЖЕТ



Ақша қаражатын  
аудару үшін соманы  
есептеу

Инвестицияның мөлшерін сіз акцияның бағасына (немесе баға диапазонына), сондай-ақ сатып алғыңызы келетін бағалы қағаздардың санына байланысты өзініз анықтайсыз.

**Маңыздысы: аудару кезінде брокердің, биржаның және депозитарийдің комиссияларына жұмсалатын шығындарды ескеру қажет.**



Ақша қаражатын  
брокерлік  
шотқа аудару

Кез келген банктегі өзінің ағымдағы шотынан брокерлік шотқа ақша қаражатын аудару арқылы

## 4-ҚАДАМ

**ҚАЛЫПТАСТЫРЫЛҒАН «ӨТІНІМДЕР КІТАБЫНА»  
АКЦИЯЛАРДЫҢ САНЫН ҚӨРСЕТЕ ОТЫРЫП,  
САТЫП АЛУҒА ӨТІНІМ БЕРУ ҚАЖЕТ**

**01**

Өтінімді беру өтінімдерді қабылдау кезеңінде брокер арқылы жүзеге асырылады

**02**


Өтінімді қағаз түрінде брокердің кеңесесінде/Қазпошта бөлімшелерінде немесе мобиЛЬДІ қосымшалар/ брокерлердің сауда веб-платформалары арқылы электрондық түрде беруге болады

**03**

Өтінімде сатып алуға жоспарланған акциялардың санын және бір акцияның бағасын қөрсету қажет

## 5-ҚАДАМ

### АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ БРОКЕРІҢІЗДЕН БІЛУГЕ БОЛАДЫ



«Өтінімдер кітабы» жабылғаннан кейін, белгіленген талаптар шеңберінде акцияларды сіздің брокерлік шотыңызға есептеу жүргізілетін болады.

Мәміле туралы есепті брокер қағаз тасығышта немесе электрондық түрде мобильді қосымшада/-сауда веб-платформасында ұсынады.

## 6-ҚАДАМ

### IPO-ДАН КЕЙІН АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ/САТУ



IPO-дан кейін акцияларды сатып алу/сату үшін өзіңіздің брокеріңізге хабарласып, акцияларды сатып алуға/сатуға тиісті өтінішті беру керек

#### Назар салыңыз!

*Tabys қосымшасы акциялармен биржалық сауда-саттыққа кіруге мүмкіндік бермейді.  
Акцияларды одан әрі сатып алу/сату үшін брокерлік шот ашу қажет.*

# АҚПАРАТТЫҢ РЕСМИ ДЕРЕККӨЗІ

IPO проспектісі және акциялардың нарықтық бағасы туралы және компанияның IPO-дан кейінгі ағымдағы жағдайы туралы ақпарат



«Astana International Exchange» АҚ-ның сайты



«Қазақстан қорбиржасы» АҚ-ның сайты



Қаржылық есептілік

[www.aix.kz](http://www.aix.kz)

[www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)

[www.kase.kz](http://www.kase.kz)

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)



Самұрық-Қазына қорының сайты



ҚазМұнайГаз  
NATIONAL COMPANY ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ

Эмитенттің корпоративтік сайты

[www.sk.kz](http://www.sk.kz)

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)

# ҚАРЖЫЛЫҚ КЕҢЕСШІЛЕР

SkyBridge Invest



[sbinvest.kz](http://sbinvest.kz)

FREEDOM  
BROKER



[ffin.kz](http://ffin.kz)

SUBSIDIARY OF HALYK BANK KAZAKHSTAN  
**HALYK FINANCE**  
ДОЛГОСРОЧНЫЙ НАРОДНОГО БАНКА КАЗАХСТАНА

bcc  invest



[halykfinance.kz](http://halykfinance.kz)



[bcc-invest.kz](http://bcc-invest.kz)

**01**

SkyBridge Invest  
мобильді қосымшасын  
жүктеп алыңыз


**02**

Брокерлік  
шотты онлайн  
ашыңыз

**03**

Мәмілелерді  
онлайн  
жасаңыз

SkyBridge Invest мобильді қосымшасы  
QR-коды бойынша AppStore және  
GooglePlay-да қолжетімді



## Мобильді қосымша:

ҚМГ-ның IPO-на онлайн  
қол жеткізуді

Жергілікті және  
халықаралық биржаларға  
онлайн қол жеткізуді

Аналитикалық сүйемелдеу:  
негізгі оқиғаларды,  
бағаланбаған акциялар  
тізімін және инвестициялық  
ұсыныстарды

Портфель бойынша өзекті  
ақпаратты ұсынады

## Tradernet.Global - тегін мультинарықтық терминал.

iOS пен Android-тағы кез келген браузер немесе мобильді қосымша арқылы сауда жасаңыз

### Барлық әлемдік биржалар бір платформада



NASDAQ  
LISTED

01

#### Шотты онлай ашу

10 минуттың ішінде инвестор болыңыз. Құжаттардан тек қана жеке күөлік пен төлқұжат қажет.

02

#### Активтердің кең таңдауы

Акциялар, IPO, облигациялар, ETF биржалық қорлары, инвестициялық пай қорлары (ИПҚ) – сізге мындаған бағалы қағаздар қолжетімді.

04

**Мәмілелер мен деректердің қауіпсіздігі** Tradernetтек Face ID, Touch ID немесе SMS бойынша тексеруден өткеннен кейін ғана маңызды операциялар мен мәмілелерді жасауға мүмкіндік береді.

### Мобильді қосымша



03

#### Мультивалюталық

инвестициялау – биржада теңгемен, доллармен, евромен, рубльмен немесе юаньмен сауда жасаңыз.

05


#### Инвест-идеялар.

Талдаушылардың ұсыныстарын қосымшада оқып, ұнаған акциязызды жылдам сатып алыңыз.

06

#### Түсінікті көптілді интерфейс

Tradernet ісін жаңадан бастаған инвесторлар мен тәжірибелі трейдерлерге тиімді. Платформа 16 тілде жұмыс істейді.



# Halyk Finance және Halyk Homebank қосымшаларында қор нарығына қол жеткізу

## HALYK FINANCE



### Қосымшада оқай тіркелу:

Офиске бармай-ақ брокерлік шотты ашу. Шотты ашу үшін құжаттарды ұсыну талап етілмейді – клиентті сәйкестендіру үшін қосымша Жеке тұлғалардың мемлекеттік базасына сүйенеді, бұл алайқтық тәуекелдерін азайтады.



### Ауқымды сауда функционалы:

Halyk Finance қосымшасында клиент қазақстандық (KASE, AIX) және халықаралық (NYSE, NASDAQ, LSE) нарықтарда акциялармен, ETF, пайлармен және депозитарлық қолхаттармен сауда-саттық жасай алады. Сауда - сауда сессиясының соңына дейін жүргізіледі!



### Қосымшадағы жаңалықтар мен талдау:

Кор нарығының соңғы жаңалықтары, экономика секторлары бойынша талдамалық есептер, инвестициялық ұсынымдар Halyk Finance қосымшасын пайдаланушыларға үнемі қол жетімді.

## HALYK HOME BANK



### Брокерлік шотты бір рет басу арқылы ашу:

Егер сіз Halyk Homebank қосымшасының пайдаланушысы болсаңыз, қосымшаның негізгі экранындағы «Invest» пунктін басыңыз – брокерлік шот бірден ашылады.



### Шотты қажетті валютада лезде толтыру:

Сіздің ақшаңыз толтырылғаннан кейін бірнеше минут ішінде саудасаттық шоттына түседі. Сіз шотты алдағы мәміленің валютасымен бірден толтыра аласыз - валюта айырбастау онлайн режимде жүргізіледі.



### Мәміле үшін төмен комиссиялар:

Halyk Homebank қосымшасында жасалған биржадағы мәмілелер үшін комиссиялар нарықтағы ең төмен комиссиялардың бірі болып табылады. Комиссияның ең аз белгіленген мөшері көзделмелеген, бұл инвестициялардың, аз сомаларына ие клиенттер үшін тиімді.



+7 (707) 357 31 70



[sales@halykfinance.kz](mailto:sales@halykfinance.kz)



[www.halykfinance.kz](http://www.halykfinance.kz)



Қосымшалар арқылы IPO-ға қатысының  
Halyk Finance  
Halyk Homebank



# Бағалы қағаздар портфелін BCC Trade мобильді қосымшасында басқарыңыз



01

## БРОКЕРЛІК ШОТТЫ АШУ

### Шотты ашу үшін:

- «BCC Invest» АҚ офисіне бару, немесе
- <https://www.bcc-invest.kz/> сайтында өзініздің электрондық цифрлық қолтаңбаңызбен (ЭЦҚ) қол қойып, оны online ұсыну керек.

Жеке тұлғалар үшін құжаттардан тек ҚР азаматының жеке куәлігі қажет

02

## БРОКЕРЛІК ШОТТЫ ТОЛТЫРУ

### Брокерлік шотты толтыруды:

- Банк ЦентрКредиттің мобильді қосымшасында немесе
- ҚР-ның кез келген банктерінің банктік шотынан аудару арқылы жүзеге асыруға болады.

03

## АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ

Акцияларды сатып алу үшін өтінімді BCC Trade қосымшасында ұсыну қажет.

04

## АКЦИЯЛАРДЫ АЛУ

Акциялар мәміле бойынша есеп айырысу жүргізілгеннен кейін брокерлік шотқа аударылатын болады.





АКЦИЯЛАРҒА ҚАЛАЙ  
ИНВЕСТИЦИЯ ЖАСАУ КЕРЕК?

SkyBridge Invest

FREEDOM  
BROKER

HALYK  
FINANCE

bcc invest

AW

KASE

KAZPOST

# «ҚАЗПОШТА» АҚ БҚ НАРЫҒЫНДА



## 2000 ЖЫЛДАН БАСТАП **БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНЫҢ КӨСІБИ ҚАТЫСУШЫСЫ**

Номиналды ұстаушы ретінде клиенттердің шоттарын жүргізу құқығымен брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асырады.

Трансфер - агенттік қызмет.

### Қызметтер:

Шоттарды ашу және жүргізу.

Клиенттің тапсырмасы бойынша, соның есебінен және мұддесі үшін қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу

# БРОКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ДАМЫТУ

**1.** «Қазпошта» АҚ – «Халықтық IPO» 2 бағдарламасын жүзеге асырудағы негізгі брокер. 34 000-нан астам өтінім қабылданды.

**2.** 2019 жылғы қыркүйектен бастап – «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның (KASE) «валюталық» санатында мүше, 2019 жылғы шілдеден бастап-Astana International Exchange (AIX) мүшесі.

**3.** «Қазпошта» АҚ- БҚ-ның жергілікті нарығындағы негізгі брокерлердің бірі. 27 500-ден астам ашық шоттар, «Интернет-трейдинг» платформасының 2000-нан астам белсенді клиенттері. Платформада жасалған мәмілелер көлемі - 1 млрд теңгеден астам.

**4.** KASE жетістіктері:  
**2015 ж.** - «Акциялардың биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін»  
**2016, 2017, 2019, 2020, 2021** – Белшек инвесторлар арасындағы конкурста «Ең белсенді брокерлік компания».

**1170 бөлімшеде тікелей жазылу арқылы IPO шеңберінде акцияларды сату**

**ҚР-ДА ҚЫЗМЕТТІ ҰСЫНУДЫҢ КЕҢ ТАРАҒАН ЖЕЛІСІ**

# «ҚАЗПОШТА» АҚ-ДА АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ



## Мәміле нысанды

- Брокерлік шот арқылы бағалы қағаздарды сатып алу.
- Брокерлік шот ашпай бағалы қағаздарды сатып алу

### 1-тәсіл

Шот ашуға бұйрық беру немесе post.kz сайтта «Инвестициялар» белімінде онлайн шот ашу арқылы шарт жасасу.

Брокерлік шотқа ақша аудару.

Оператор арқылы немесе «Интернет – трейдинг» платформасында БҚ сатып алуға бұйрық беру.

### 2-тәсіл

«Қазпошта» АҚ бөлімшелері арқылы Tabys қосымшасындағы акцияларға тікелей жазылу.

Акцияларды сатып алуға ақша сомасын аударуды жүзеге асыру.

IPO мәмілесі аяқталғаннан кейін одан әрі қызмет көрсету үшін брокерлік шот ашу.



ҰЛТТЫҚ ПОШТА БАЙЛАНЫС ОПЕРАТОРЫ

# ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕЗ КЕЛГЕН ЖЕРИНЕҢ ҚОР НАРЫҒЫНА ҚОЛЖЕТКІЗУ



Жазылу рәсімі туралы ақпаратты Қазпошта бөлімдері арқылы 1499 нөмірі бойынша call-орталықтан немесе QPost көмекшісі арқылы [post.kz](http://post.kz) сайтынан білуге болады




«ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ» АҚ



# НЕЛІКТЕН?

## ҚОР БИРЖАСЫ

Биржа - инвесторлардың ақшалары ел экономикасына түсетін, ал инвесторлар пайда таба алатын сауда алаңы




# БИРЖАҒА ТЕК ҮЗДІК КОМПАНИЯЛАР ЖІБЕРІЛЕДІ



# IPO - АКЦИЯЛАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ ӘДІСТЕРІНІҢ БІРІ

IPO (ағылш. - Initial public Offering) - акцияларды көптеген адамдар тобына сату үшін бастапқы жария орналастыру

## KASE-ТЕ IPO-НЫ ӨТКІЗУ СЫЗБАСЫ




## БҰЛ КАПИТАЛ ТАРТУДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

### KASE-дегі табысты IPO мысалдары



### Бастапқы орналастыру көлемі, млрд теңге





# ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ IPI БИРЖАСЫ



4 нарық: қор, ақша, валюта, мерзімді

**>404 мың**

жеке тұлғалардың  
шоты

**52**

Биржаның мүшесі, оның ішінде  
3 шетелдік және  
2 мемлекетаралық

**>1400**

қолжетімді  
қаржы құралдары

**〒 57,3 трлн**

тізімдердегі бағалы  
қағаздардың құны

**〒 174,4 трлн**

2021 жылғы сауда-саттық  
көлемі

**265**

бағалы қағаздар  
эмитенттері

**104**

резидент компаниялардың  
ресми тізімдегі акциялар

**333**

ресми тізімдегі  
корпоративтік  
облигациялар



Негізгі құралдың бірлігі. БҚ репо операциялар нарығында оларды кепілге салу мүмкіндігімен сатып алу




# KASE – БАРЛЫҚ НАРЫҚТАР ӨЗАРА БАЙЛАНЫСҚАН ӘМБЕБАП БИРЖА




## МӘМІЛЕЛЕРДІҢ ОРЫНДАЛУЫНА КЕПІЛДІК БЕРЕДІ

Басқа биржалар



KASE






# IPI АҚПАРАТТЫҚ ОРТАЛЫҚ

БҮЛ ЖЕРДЕ ИНВЕСТОРЛАРҒА ҮҢГАЙЛЫ

Telegram  
@KASEInfoBot



IRIS Finance  
ақпараттық терминалы



www.kase.kz мобильді  
және десктоп нұсқалары



Бүкіл әлем бойынша  
real time деректері

Bloomberg

REFINITIV

wiener**borse**

# САҚ БОЛЫҢЫЗДАР, АЛАЯҚТАР!

ИНВЕСТИЦИЯЛАУ КЕЗІНДЕ  
АЛАЯҚТЫҚ ТӘҮЕКЕЛДЕРІН АЗАЙТУ ҚАЖЕТ

## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Алаяқтықты болдырмай үшін брокер туралы ақпаратты қайта тексеріп, KASE немесе Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми сайттарында көрсетілген телефондар бойынша қоңырау шалу қажет.

Лицензияланған брокерлердің тізімі



IPO-ға қатысу  
мәселелері бойынша  
KASE жедел желісі

+7 (727) 237 53 03

IPO-ға қатысу, KASE-де компания акцияларын сатып алу,  
IPO-ға қатысты жоспарланған іс-шаралар бойынша  
барлық сұрақтарға кеңес беру.



KASE Mobile  
Business  
★★★★★ 18





«ASTANA INTERNATIONAL EXCHANGE» АҚ





[www.aix.kz](http://www.aix.kz)



ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ АЛҒАШҚЫ  
**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
БИРЖА**



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚАФИДАТТАРЫ БОЙЫНША  
**ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ  
ҚҰҚЫҚТАРЫІН ҚОРҒАУ**



AIX АККРЕДИТТЕЛГЕН  
**30 БРОКЕР**



[www.aix.kz](http://www.aix.kz)



**\$321 000 000**

ТАРТЫЛҒАН ҮЛЕСТІК КАПИТАЛ

**350 000+**

БӨЛШЕК ИНВЕСТОРЛАРДЫҢ  
ШОТТАРЫ

**АЛҒАШҚЫ IPO  
KAZATOMPROM**  
+2 SPO

САУДА-САТТЫҚ КӨЛЕМІ

**6 ЕСЕГЕ  
АРТТЫ**

**TABYS**


ӘРҚАЙСЫСЫНА  
АРНАЛҒАН  
ИНВЕСТИЦИЯ

**+383%**

ҚҰН ӨСІМІ

# ҚОЛЖЕТИМДІ ИНВЕСТИЦИЯЛАР

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР \$ 5-дан БАСТАЛАДЫ



- 01 Жеке күелік
- 02 Банк картасы
- 03 Смартфон

# ҚАРАПАЙЫМ ЖӘНЕ ЫҢҚАЙЛЫ


ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ

Tabys



# ТИКЕЛЕЙ ЖАЗЫЛУ

БАНК КАРТАСЫ АРҚЫЛЫ  
ОНЛАЙН САТЫП АЛУ



Tabys

ҚҰН ӨСІМІ МЕН ДИВИДЕНДТЕРГЕ  
САЛЫНАТЫН

# САЛЫҚТАРДАН БОСАТУ

KAZPOST



**27 000+**

ИНВЕСТОР

**\$7 000 000**

ТАБЫС-ТАҒЫ САУДА ҚӨЛЕМІ

**2 жыл**


НАРЫҚТА

**15 ЕТН**

ИНВЕСТИЦИЯЛАР  
ДҮКЕНІНДЕ

Tabys

- ҚР үлттық компаниялардың IPO-сы
- Алтын / мұнай
- Ислам қаржысы
- Биткойн
- Американдық нарық





- 01** Камераны ашыңыз
- 02** QR сканерлеңіз
- 03** Tabys жүктеп алыңыз  
немесе жүктеп алыңыз





# КОМПАНИЯҒА ШОЛУ

SkyBridge Invest

FREEDOM  
BROKER

HALYK  
FINANCE

bcc invest

AW

KASE

KAZPOST

# ЖАЛПЫ АКПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ - Қазақстанның тігінен интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы




90,42%




9,58%




ҚМГ ҚР экономикасында



ЖІӨ-ге  
қатысты  
активтер



Мемлекеттік  
бюджеттің  
кірістері



Самұрық-Қазына  
Активтері

# БІРІКТІРІЛГЕН ҚОСЫЛҒАН ҚҰН ТІЗБЕГІ



## Барлау және өндіру

- Қазақстандағы 14 бірегей мұнай-газ барлау жобасы
- Өндіруші активтердің әртараптандырылған портфели
- Теңіз, Қашаған, Қараышғанақ сияқты әлемдік деңгейдегі ірі жобаларға қатысу<sup>(1)</sup>
- Тікелей келіссөздер негізінде жер қойнауын пайдалану құқықтарын алудың басым құқығы<sup>(2)</sup>

ҚР-дағы нарық үлесі

25%



## Тасымалдау

- Қазақстанның мұнай тасымалдау секторындағы жетекші позиция
- Каспий, Қара және Жерорта теңіздері арқылы мұнай тасымалдауға арналған жеке мұнай танкерлері
- Негізгі өткізу нарықтарының жанында тиімді орналасуы: Еуропа және Қытай

ҚР-дағы нарық үлесі

56%



## Қайта өңдеу және маркетинг

- Қазіргі заманғы мұнай өңдеу зауыттары: Қазақстанда 4 ірі МӘЗ және Румынияда 2 МӘЗ болуы
- Орталық және Шығыс Еуропадағы АЖҚС меншікті желісі

ҚР-дағы нарық үлесі

82%

## Құн тізбегінің барлық кезеңдеріндегі толық интеграция

1) Компания ірі жобалардағы 20%, 8,44% және 10% мөлшеріндегі тиісті үлеске ие

2) Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекстің 15-тарауының 2-параграфы

# ҚМГ ТОБЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

НЕГІЗГІ ЕНШІЛЕС ЖӘНЕ ТӘУЕЛДІ КОМПАНИЯЛАР, БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР



## Барлау және өндіру

### Операциялық активтер:

ӨзенМұнайГаз(ОМГ) – 100%  
Ембімұнайгаз (EMG) – 100%  
Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) – 100%  
ҚазМұнайТеніз (ҚМТ) – 100%  
Урихтау (УО) – 100%  
Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) – 50%  
Қазгермұнай (ҚГМ) – 50%  
ПетроҚазақстан Инк (ПҚИ) – 33%  
Қаражанбасмұнай (КБМ) – 50%  
Қазақойл Ақтөбе (ҚOA) – 50%

### Мега жобалар:

Тенізшевройл (ТШО) – 20%  
Қараышығанақ – 10% <sup>(1)</sup>  
Қашаған – 8,44% <sup>(2)</sup>



## Тасымалдау<sup>(3)</sup>

### Мұнайды тасымалдау:

ҚазТрансОйл – 90%  
Батум мұнай терминалы – 100%  
Қазақстан-Қытай Құбыры(ҚҚҚ) – 50%  
Мұнайтас – 51%

Каспий Құбыр Консорциумы (ҚҚҚ) – 20,75% <sup>(4)</sup>

Қазақтеңізкөлікфлоты (КТКФ) – 100%



## Қайта өндіру және маркетинг

ПМХЗ – 100%  
АМӘЗ – 99,53%  
KMG International – 100%  
Петромидиа – 54,63%  
Вега – 54,63%  
ПКОП – 49,72%  
Caspi Bitum – 50%

## Басқалары

«KMG Systems & Services» ЖШС – 100%  
«Oil Service Company» ЖШС – 100%  
«Oil Construction Company» ЖШС – 100%  
«Ойл Транспорт Корпорейшэн» ЖШС – 100%  
«ТенізСервис» ЖШС – 48,996%  
«KMG Nabors Drilling Company» ЖШС – 49%  
«KMG Parker Drilling Company» ЖШС – 49%  
«KMG Automation» ЖШС – 49%  
ҚазРосГаз (КРГ) – 50%

Дереккөз: компания деректері.

1) "ҚМГ Қараышығанақ" ЖШС шоғырландырылған еншілес компания болып табылады, ол кейіннен Қараышығанақ жобасындағы 10% улеске ие

2) 2015 жылғы қазанда ҚМГ Қашаған Самурық-Қазынадағы өз акцияларының 50% -ын 2020 және 2022 жылдар аралығындағы кезеңде көз келген үақытта акциялардың барлық бөлігін сатып алуға опционмен сатты

3) ҚМГ мен Самурық-Қазына жалпы 16,88% иелік етеді. 2021 жылғы 9 қарашада ҚМГ "ҚазТрансГаз" АҚ (газ тасымалдау және өткізу жөніндегі бизнес-бірлік) акцияларының 100%-ын "Самурық-Қазына" АҚ пайдасына

4) 19% -ын ҚМГ арқылы және 1,75% -ын "Қазақстан Пайлайн Венчурс" АҚО арқылы берді

# ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

## 2022-2031 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН

### ● Миссиясы

Біз болашақ үрпаққа қамқорлық жасай отырып, Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігін, дамуы мен гүлденуін қамтамасыз ету үшін табиғи ресурстарды тиімді және ұтымды игереміз.

### ● Көрінісі

Қауіпсіздіктің жоғары стандарттарына және орнықты даму қағидаттарына жауап беретін, қаржылық нәтижені барынша арттыруға бағдарланған ұлттық тігінен интеграцияланған мұнай-газ компаниясы

### ● Стратегиялық мақсаттар

---

Компанияның дамуын қамтамасыз ету үшін жеткілікті ресурстық база

---

Компанияның құн тізбегінің тиімділігін арттыру

---

Бизнесі өртараптандыру және өнім портфелін кеңейту


---

Өндірістің көміртекті сыйымдылығын тұрақты дамыту және үдемелі төмендету


# МҰНАЙ ЖӘНЕ КОНДЕНСАТ ӨНДІРУ

**Активтер бойынша мұнай  
және конденсат өндіру құрылымы**

млн. тонна, ҚМГ үлесіне



**2022 жылдың 1 жартыжылдығы -  
активтер бойынша бөліністегі  
10,8 млн. тонна**



# МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

**2021 жылы компаниялар бойынша  
мұнай тасымалдау құрылымы жалпы  
мәні бойынша, млн. тонна**

ҚазТрансОйл (90%)  
**41,2**


Қазақтеңізкөлікфлоты (100%)  
**9,9**

Каспий Құбыр  
Консорциумы (20.75%)  
**12,6**

Қазақстан-Қытай  
Құбыры (50%)  
**8,7**

Мұнайтас (51%)  
**2,2**

**Жиыны (ҚМГ үлесіне)**  
**74,6**



- ① ТОО «СЭТК «Мұнайтас»
- ② ТОО «Қазақстан-Қытайский Трубопровод»
- ③ Қаспийский Газопроводный Консорциум
- ④ АО «ҚазТрансОйл»

- ОПЕРАЦИОННЫЕ ДОБЫВАЮЩИЕ АКТИВЫ
- МЕГАПРОЕКТЫ
- НПС
- Нефтеперекачивающая станция
- Головная нефтеперекачивающая станция

— Действующий нефтепровод

● РАЗВЕДКА И ДОБЫЧА


● ПЕРЕРАБОТКА

# КӨМІРСУТЕК


## ШИКІЗАТЫН ӨҢДЕУ

Көмірсугеңі шикізатын активтер бойынша өңдеу құрылымы

млн. тонна, ҚМГ үлесіне




**2022 жылдың 1 жартыжылдығы – активтер бойынша бөліністегі 9,7 млн. тонна**




# ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР


**EBITDA<sup>(1)(2)</sup>, млрд. теңге**




**Есептеу әдісі бойынша күрделі шығындар, млрд. теңге**



**Бос ақша ағыны<sup>(3)</sup>, млрд. теңге**



**Акционерлерге төленген дивидендер<sup>(4)</sup>, млрд. теңге**



1) EBITDA = Табыс қосылған БК және қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы улес, нетто, сатып алғынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің өзіндік құны және қайта өндеу шығындары минус өндірістік шығыстар минус жалпы және әкімшілік шығыстар минус колік және коммерциялық шығыстар минус пайдада салынатын салықты қослағанда, салықтар.

2) EBITDA және 2020, 2021 және 2022 1Ж-дағы күрделі шығындар КТГ-ны қамтыйдай

3) Бос ақша ағыны = негізгі құралдарды, материалдық, емес активтерді, инвестициялық жылжымайтын мүлікті және барлау мен бағалауға байланысты активтерді сатып алуды шегергендеңде операциялық қызметтенн түскен бос ақша ағыны. Бирлескен және қауымдастырылған касіпорындардан алғынған дивидендер операциялық қызметтенн түскен ақша ағындарының құрамына енгізіледі. Бұл ретте 2019-2021 жылдардағы бос ақша ағыны КТГ ағындарын қамтыйды, ал 2022 1Ж үшін ағындар КТГ ағындарын қамтыйдай

4) Шоғырландырылған дивидендерге «ҚазМұнайГаз» АҚ төлемдері және «ҚазТрансОйл» АҚ миноритарлық акционерлеріне төлемдер (10%) киреді

# КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



**Мағзұм Мырзағалиев**

Директорлар кеңесінің  
мүшесі Басқарма тәрағасы



**Фибрат Ауғанов**

Директорлар кеңесінің  
мүшесі



**Ұзақбай Қарабалин**

Директорлар кеңесінің  
мүшесі



**Ернар Жанәділ**

Директорлар кеңесінің  
мүшесі

**«Самұрық-Қазына» АҚ  
екілдері**



**Кристофер Уолтон**

Директорлар кеңесінің  
тәрағасы



**Тимоти Миллер**

Директорлар кеңесінің  
мүшесі



**Филип Холланд**

Директорлар кеңесінің  
мүшесі



**Әсел Хаирова**

Директорлар кеңесінің  
мүшесі

**Тәуелсіз  
директорлар**



**Корпоративтік  
басқару  
рейтингі**

**2018 ж. ВВ**

**2021 ж. ВВВ**

- Тәуелсіз директор  
Директорлар кеңесіне  
терағалық етеді
- Директорлар кеңесінің  
8 мүшесінің 4-і – тәуелсіз  
директорлар
- Тәуелсіз директорлар барлық  
комитеттерді басқарады және  
олардың көпшілігін құрайды
- Корпоративтік басқарудың  
жоғары ағымдағы рейтингі

# ТӘҮЕКЕЛ ФАКТОРЛАРЫ

**1.** Компанияның табысы, бос ақша ағыны және басқа да қаржылық көрсеткіштері шикі мұнай бағасының өзгеруіне байланысты айтарлықтай өзгереді

**2.** Өндірістегі кез келген іркілістер немесе тасымалдау жүйелерінің қолжетімсіздігі Компанияның өндіру деңгейіне теріс әсер етеді

**3.** Мұнай-газ секторындағы, оның ішінде баға белгілеуге және ішкі жеткізілімдерге қойылатын талаптарға қатысты нормативтік актілердің өзгеруі Компанияның қызметіне әсер етуі мүмкін

**4.** Топтың қызметі экологиялық қауіпке ұшырайды. Компания үнемі өзгеріп отыратын экологиялық заңдар мен нормативтік актілерді сақтауға міндетті

Акциялар шығарылымының проспектісінде тәуекел факторларының толық тізбесі сипатталады

**ДИВИДЕНДТЕРДІ ТӨЛЕУГЕ КЕПІЛДІК БЕРІЛМЕЙДІ**

# КМГ ҚЫЗМЕТИ ТУРАЛЫ ЕСЕПТІЛІК

КМГ қызметінің қорытындылары  
туралы ақпарат [www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)  
веб-сайтында «Инвесторларға»  
бөлімінде толық ұсынылған:

- «Үлкен төрттікпен» аудиттелген тоқсан сайынғы шоғырландырылған қаржылық есептілік
- Қаржылық және операциялық нәтижелер бойынша тоқсан сайынғы талдау (баспасөз релиздері және презентациялар)
- Жылдық есептер және тұрақты даму туралы есептер
- Басқа есептер



Добыча нефти и газа	
Изменение запасов	1 кв. 2021г.
Изменение запасов	1 кв. 2022г.
Суммарный прирост	405,41
Суммарный прирост	419,96
Суммарный	1 867
Суммарный	217
Суммарный	142
Суммарный	122,6%



# IPO САМҰРЫҚ

[ipo.sk.kz](http://ipo.sk.kz)

SkyBridge Invest

FREEDOM  
BROKER

HALYK  
FINANCE

bcc invest

AW

KASE

KAZPOST